

Мұхтар Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі

**2022-2023 оқу жылындағы
«Өзін өзі басқару» ұйымының жылдық жоспары**

Орындаған: М.Қ.Ізбасар

Ақтөбе 2022-2023

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі

2022-2023 оқу жылының талдау жұмысы

2022 жылдың 22 қыркүйек күні М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде оқушылардың өзін-өзі басқару негізінде «Мектеп парламенті» сайлауы өтті. Сайлау еркін және құпия түрде жүргізілді. Барлық оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сайлаудың өту барысы инстаграм желісіне хабарланып жарияланды. Сайлау 9-10 сынып оқушылары қатысуға ниет білдірді. Үміткерлер өз бағдарламаларын жасап ұсынған болатын.

Парламенттің негізгі мақсаты – білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесін де әрекет ете алатын жоғары мәдениетті гуманистік бағыттағы азаматтарды тәрбиелеу.

Сайлау нәтижесі бойынша 28,4 пайыз дауыспен 10 «б» сынып оқушысыв Мусабек Эльзат мектеп презеденті болып, ал қалған кандидаттар мектеп парламенті президентінің мүшелері болып тағайындалды.

Келесі оқу жылында жұмыстар жүргізіліп, таныстырылды.

Мектеп президенті-Мусабек Эльзат

Қамқорлық министірі-Нағидолла Ақсезім

Экология және еңбек министірі-Молтышова Наргиз Канатовна

Ақпарат және баспа министірі-Джумабай Сауле Куанчкызы

Спорт және СӨС министірі-Қазихан Ерхат Қанатұлы

Құқық және тәртіп министірі-Қайроллаева Аружан Муслімқызы

Бақыт және өзін-өзі тану министірі-Мирамбек Инабат Қанатқызы

Мәдениет министірі-Жалғасбаева Әмина Қуаныпбайқызы

Ділмар дебат клубының президенті-Қоянбай Сабина Жәнібекқызы



Басты мақсатым: Өзімнің бағдарламаларыма сүйене отырып, алағым уақытта мектебімнің көркейіп өсуіне бір үлесімді қосу. Үстздар мен оқушылар арасындағы сыйластықты нығайту. Оқушылардың мектепке деген қызығушылығын арттыру. Түрлі іс-шаралар өткізіп, оқушылардың белсене қатысуына ат салысамын. Мектептің көркейіп өсуі және болашағы ббдің қолымызда!



Мусабек Эльзат Ануарбекызы



Мақсатым: Ұлы даламызды дағдымен, міндетпен өңдейтін азаматтарды тәрбиелеу. Денсаулық сақтау, еңбек, азаматтық қатысу, өмірлік дағдыларды қалыптастыру. Азаматтық мәдениетке иелі болу. Азаматтық жауапкершілік сезімін дамыту.

**ен іріН алаштығым
аппативіЯ**



Басты мақсатым: Оқушылардың ақыл-ойын, танымдық сепілдерін, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, өз Отанымызды, мемлекеттік тілімізді, салт-дәстүрімізді, тәуелсіздігімізді, сүйіс бітпес, адал да тәртіпті болуға, бір-бірімізге көмек көрсетіп, біртөсе отырып жұмыс жасауға үлес қосу.



Жалғасбаева Амина

Мектебімізде мұғалімдер мерекесіне орай “Дублер күні” өтуде. Мектеп парламентінің мүшелері мектеп әкімшілігінің ролінде. Мектеп директорының дублері- Мусабек Эльзат
Оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Қазихан Ерхат
Оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қайроллаева Аружан
Оқу ісі жөніндегі орынбасары Молтышова Наргиз
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Жалғасбаева Әмина
Ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары- Мирамбек Инабат



25-қазан Республика күні қарсаңында «Біз тәуелсіз ел ұланы, болашаққа үн қосқан!» тақырыбында мектеп президентінің ант қабылдау рәсімі мен «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерін қабылдау рәсімі өтті.



2022 жылдың 3 - іші қараша күні мектепшілік "Арайлы, алтын күз" сайысы 9-10 сынып оқушылары арасында өткізілді. Байқау шарты бойынша қатысушылар сахнада өздерін таныстырып, одан кейін күзгі дақылдардан қолөнер, экибаналарына жарнама жасай отырып, көпшілікке көрсетті. "Күзгі ханзада мен ханшайым" кезеңінде қолдан жасалған сән үлгілерімен қатар, дастархан мәзірі бойынша үйден күзгі өнімдерден жасаған тағамының құрамы мен жасалу жолдарын айтты. "Өз өнері" бөлімі бойынша би билеп,

қойылым қойып, ең соңында қойылған сұрақтарға жауап берді. Байқау соңында қазылар алқасы ұпай санын есептеп, жоғары көрсеткіш көрсеткен жұптарды марапаттады. "Бас жүлдені" иеленген 10 Б сынып оқушылары Құрбанбаев Райымбек, Мусабек Эльзат, 1-ші орынды иеленген 10 А сынып оқушылары Жанғали Ансар, Актамакова Мадина, 2-ші орынды иеленген 10 Ә сынып оқушылары Әбу Мади, Қайроллаева Аружан, 3-ші орынды иеленген 9 В сынып оқушылары Шарипов Ақжан, Даймағанбет Аружан, "Көрермен көзайымы" номинациясы бойынша 9 Б сынып оқушылары Арманұлы Әбілмансұр, Молтышева Наргиз иеленді.



“Балалар жылы -2022” аясында “Арын жұлдыздары” атты мектепшілік кастингі аспапта ойнау және би бағыты бойынша өтті. **«Арын жұлдыздары» атты мектепшілік кастингі өтті.** Кастингтің мақсаты: өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбиелеудің, тұлғаның үйлесімді дамуының факторы ретінде оқушылар шығармашылығын қолдау және дамыту, өзін-өзі көрсетуге, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту. Бейнелеу және қолөнер бағыты бойынша оқушылар әділ қазыларға өздерінің қолөнер бұйымдарын көрсетіп, түрлі тақырыпта суреттер салды. Жұмыстың күрделілігі, тақырыпты аша білуі, кәсіби шеберлігі қаралды. Жалпы нәтижесі бойынша 32 оқушыдан мына оқушылар үздік деп танылды. Бейнелеу өнері бағыты бойынша 7 оқушы, қол өнер бағыты бойынша 5 оқушы өтті. Аспата ойнау және би бағыты бойынша 35 оқушы тіркеліп, 10 оқушы кастингтен өтті. Ән айту бағыты бойынша кастингтен 8 оқушы өтті. Бұл бағыттарда оқушылардың сахнада өзін-өзі ұстауы, жанды дауыста ән айтуы, сахналық талапқа сай киінуі қаралды. Журналистика және мобилография бағыты бойынша 7 оқушы кастингтен өтті. Бұл бағытта кастингке қатысушылар мектеп немесе қоғамдық өмірден сюжеттік видео түсіріп, тақырыпты таңдауы, тапқырлығы, тіл шұрайлығы қаралды. Мобилографтардың видеоларының креативтілігі, монтаж жасай білу шеберліктері қаралды. «Үздіктерді марапаттау» кешінде кастингтен өткен барлық оқушыға сертификат табысталды.

“Қош келдің, Жаңа жыл - 2023” мерекелік іс-шарасы өтті. Мерекелік шарада өз өнерлерін көрсеткен оқушыларға аяз ата мен ақшақардан сыйлықтар табыс етіліп, түрлі әуендерге би де биленді. Кештің көңілді өтуіне барынша барлық сыныптар белсенділікпен атсалысты.



«Сырғалым» қыздар клубының мүшелері және «мектеп парламенті» ұйымының оқушылары Ақтөбе қалалық «Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығының «теолог» маманы Орынбай Мәди Орынбайұлымен «Дін және қоғам» тақырыбында кездесіп сұхбаттасты.



Наурыз мерекесі қарсаңында тәрбие бөлімінің ұйымдастырумен «Көктем аруы – 2023» атты қыздар байқауы өткізілді. Бас жүлдені «Көктем аруы – 2023» атағын 8 «Г» класс оқушысы Қуандық Сабина иеленді.





Тәуелсіздігіміздің тірегі, нышаны әрі символдарының бірі болған теңге күнін атап өту, теңгенің шығу тарихымен таныстыру, ұлықтау және дәріптеу мақсатында "Ұлттық теңге-ел тәуелсіздігінің символы" тақырыбында іс-шара өтті. Төл теңгемізді ұлықтау үшін өткізілген іс-шара "Өзін-өзі басқару" ұйымы Мәдениет фракциясының министрі Жалғасбаева Әминаның ұйымдастыруымен өтті.



Аударып жұрттың назарын,
Бардың да көрген базарын.
Жоқтың да көрген азабын
Даладай дана Қазағым!


Алты алаштың арманы болған, айбынды елдің айбары болған, ең ұлық мереке Тәуелсіздік күні құтты болсын! Осыдан тура 31 жыл бұрын ұлы даламызға ата – бабамыздың арманына айналған ұлы өзгеріс келді. Ол еркіндіктің ернеуінен өрілген егемендік, тарихымыздың тұғырына бекітілген Тәуелсіздік! Олай болса баршамызға Тәуелсіздік күні құтты болсын!



«Ақ орамал» аналар клубы «Сырғалым» қыздар клубының жоспарына сәйкес «Қыз ақылын ескермес – ана үлгісін көрмесе» тақырыбында ас әзірлеуден шебер класс ұйымдастырылды



1-наурыз Алғыс айту күні қарсаңында мектеп фойесінде мерекелік шара ұйымдастырылды.



1-наурыз Алғыс айту күні қарсаңында 8-11 сынып оқушылары мен сынып жетекшілердің қатысуымен «Жауқазын» өнер фестивалі өткізілді.



14-наурыз Аамал мерекесі күні мектеп парламентінің ұйымдастыруымен оқушылар мен ұстаздарға арналған фойеде құттықтау өтті.



«100 ән» жобасы аясында құрылған іс-шаралар негізінде мектеп фойесінде халық әндері мен халық композиторларының әндері орындалды.

«Бәрінен де сен сұлу» 10 «Б» сынып

«Жан досым» 10 «Ә» сынып

«Егіз лебіз» 10 «А» сынып

«Желтоқсан желі» 9 «Б» сынып

«Сәлем саған, туған ел!» 8 «А» сынып

«Сағындым Алматымды» 9 «Ә» сынып



Білім мен ғылым, өнер сайысында жүлделі жеңістерге жетіп, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін шыңдап жүрген дарынды, талантты оқушыларды «Арын жұлдыздары-2023» марапаттау кеші өтті.

